

Қарағанды облысының білім басқармасының Нұра ауданының білім бөлімінің  
«М.Дулатұлы атындағы ЖББМ мектебі» КММ

КЕЛІСІЛДІ  
Қарағанды облысы  
білім басқармасының  
Нұра ауданы  
білім бөлімінің басшысы  
А.М.Есмағамбетов

« 5 » 03 2024жыл

КЕЛІСІЛДІ  
Қарағанды облысы білім  
басқармасының  
Нұра ауданы білім  
бөлімінің  
«М.Дулатұлы атындағы  
ЖББмектебі» қамқоршылық  
кеңесінің төрағасы  
А.Э.Таттыбаев

«    »                      2024ж

БЕКІТЕМІН  
Қарағанды облысы білім  
басқармасының  
Нұра ауданы білім  
бөлімінің  
«М.Дулатұлы атындағы  
ЖББмектебі директоры м.а.  
Д.Д.Исина

«    »                      2024ж

## 2024-2029 жылдарға МЕКТЕПТІҢ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қарағанды облысы білім басқармасының Нұра ауданының білім бөлімінің  
М.Дулатұлы атындағы ЖББ мектебі КММ

Мұзбел ауылы-2024

## ДАМУ ТУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМУНЫ

Кіріспе.....	4
I.Бөлім. Бағдарламаның паспорты.....	6
II.Бөлім.Бағымдағы ахуал талдау	
2.1.Мектептің қазіргі жай- күйың, негізгі проблемаларың және олардың себептерін талдау, иновациалық әлеуетін бағалау.....	8
2.2.Педагогтердің білім беру ұйымының дамыту перспективалары мен Бағыттыры туралы пікірлерін зерделеу.....	13
2.3.Білім беру процесінің қазіргі дәрежесін зерделеу үшін білім Алышылырдың ата- аналарынан сауалнама алу.....	14
2.4.Мектептің алдағы күтілетін салдарың болжау, өзгерістер тәсілдері мен нысандарың ұсыну.....	15
III.Бөлім.Бағдарламаның миссиясы және пайымы.....	16
3.1.Ұйымның орны және ролі.....	17
3.2. Болашақта мектепте тиімді жұмысты қамтамасыз ету мақсатында Дамытудың стратегияларын тандау және кезендерін болжау.....	17
<b>IV.Бөлім. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер</b>	
4.1.Нысаналы индикаторлардың көрсеткіштері мен күтілетін нәтежиелері.....	18
4.2.Мектептің иновациалық әлеуетін дамыту және оған қол жеткізу.....	24
V.Бөлім. Дамыту бағдарламасының іс-шаралар жоспары.....	26

Әдістемелік кеңес ұсынған КММ  
М.Дулатұлы атында ЖББмектебі Нұра ауданының білім бөлімі  
Қарағанды облысының білім басқармасы

Хаттама № \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2024ж

Хатшы: \_\_\_\_\_

«Білім бөлімі» ММ Әдістемелік кеңесімен ұсынылған.

Нұра ауданы» УО ҚО Хаттама № \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2024ж

Хатшы: \_\_\_\_\_

## КІРІСПЕ

«Қарағанды облысы әкімдігінің білім басқармасы Нұра ауданының білім бөлімінің М.Дулатұлы атындағы ЖББ мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024-2029 жылдарға арналған Дамыту бағдарламасы «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын дамыту бағдарламасының құрылымын және оны әзірлеу қағидаларын» бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 тамыздағы №273 бұйрығын негізге ала отырып, Қамқоршылық кеңесімен келісіліп, 04.01.2024 жылғы №3 педагогикалық кеңестің қаулысымен бекітілді. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қаулысы, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 6.04.2020ж. №130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен), «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 18.03.2008ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023ж. № 96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен), «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.01.2016ж. №70 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023ж. №193 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен), «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 27.01.2016ж. №83 бұйрығы), «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» (ҚР БҒМ 28.01.2016 ж. № 95 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.10.2022ж. №415 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен), ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жыл 19 қыркүйек №294 «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрықтарды негізге ала отырып әзірленді. Осы Бағдарлама білім беру мекемесінің өзін-өзі дамыту әлеуетін ескере отырып, 2028 жылға дейінгі кезеңге мектепті дамытудың жолдары мен негізгі бағыттарын,

мектеп ұжымы қызметінің негізгі бағыттарын айқындайтын стратегиялық құжат болып табылады. 2024-2029 жылдарға арналған бағдарламасы Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік білім беру саясатын іске асыру мақсаттарына сәйкес әзірленді және мекеменің перспективасы мен даму жолдарын айқындайтын басқарушылық құжат болып табылады. Бағдарлама, бір жағынан, білім беру басымдықтарын және ағымдағы уақыттың стратегиялық міндеті-білім беруді жаңғыртудың шараларын айқындайды, екінші жағынан-мектептің білім беру процесіне тікелей қатысушылардың (оқушылардың, педагог қызметкерлердің, ата-аналардың (заңды өкілдердің) білім беру және азаматтық әлеуетін барынша іске асыруын қамтамасыз етеді. 4 Қазіргі таңда білімге, ғылымға деген қызығуы жоғары, интеллектуалды жастар сомдау өзекті мәселе. Оны шешуге орта мектепте пәнді оқытуда ең алғашқы күннен бастап-ақ оқушылардың пәнге қызығушылығын, ынтасын арттыру керек және де білім беруде сабақты күнделікті өмірмен байланыстыра өту тиімді. Сапалы білім беруде мұғалім міндеті – білім технологиясын бүгінгі күн талабына сай жетілдіру. Бағдарлама бойынша дифференциалдап оқыту, сабақ барысына проблемалы әдісті қолдана білу, сабақтың әр бойында барлық оқушылардың толық жұмыс істеуін қамтамасыз ету, қайталау жұмыстарын шебер ұйымдастыра білу, сабақ барысында әрбір оқушының ерекшеліктерін ескере отыру, олардың белсенді әрекеттерін, әсіресе, ұйымшылдық пен еңбексүйгіштік қасиетін әрі қарай дамыту - әрбір мұғалімнің биік міндеті. Оқушылардың білімін жүйелі тексеріп, бақылап отыру оқушылардың жауапкершілікке, үнемі жұмыс істеуге баулып, оқушы білімінің тиянақтылығын, тереңдігін арттырады. Сондықтан біз өз тәжірибемізде оқушыға сапалы, тиянақты білім беріп, білімділік дағдыларын қалыптастыруда оңайдан қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай оқытудың жүйелілік ұстанымын басшылыққа аламыз, білім тексерудің сан алуан түрлерін қолданамыз. Үлкен бір тарау өткенде білімді жүйеге келтіру, есепке алу өрісін жетілдіру – басты мақсатымыз. Сондай-ақ, «Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту» негізгі мақсаттардың бірі ретінде бағдарламада атап көрсетілген. Мектеп жұмысының негізгі бағыттары: - оқушылардың өзіндік білім алу ортасын құруда заманауи технологиялар арқылы дағды мен іскерлікті қолдана алатын оқушы даярлау; - білім жетілдірудің, таным белсенділігін арттырудың жолдары ретінде оқушылар мен мұғалімдер қосымша білім платформаларын жан-жақты қолдана алу; - заманауи оқытуды ақпаратты техникамен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру жолдары қарастырылады. Оқушылардың білім беріктігін қамтамасыз етуде білім сапалары: - тоқсан сайын әр пәннің оқытылу жағдайын назарда ұстау, педагогикалық кеңес, директор жанындағы кеңес отырыстарда талқылау, БЖБ, ТЖБ, тестілеу қорытындыларды әкімшілік тарапынан жалпылау; - білім сайыстарына қатысу; - оқушылардың және педагогтарға арналған пәндік сайыстарға қатысуды қамтамасыз ету; - пәндік олимпиадаларға даярлау; - жыл көлемінде дарынды оқушылармен жұмыстарды үйлестіруді назарда ұстау; - интеллектуалдық сайыстарға қатысуды назарда ұстау және есепке алу.

## I Бөлім. Дамыту бағдарламасының паспорты

<b>Бағдарлама атауы</b>	2024-2029 жылдарға арналған Қарғанды облысы білім басқармасының Нұра ауданы білім бөлімінің «М.Дулатұлы атындағы ЖББ мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің даму жоспары
<b>Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Білім туралы» заң 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы</li> <li>2. «Педагог мәртебесі туралы» Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ</li> <li>3. ҚР мектепкедейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2024 –2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы</li> <li>4. Өңірлік бағдарламалар, білім беруді дамыту жөніндегі жол карталары.</li> <li>5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жоба.</li> <li>6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген, 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары;</li> <li>7. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)</li> <li>8. «Білімді ұлт. Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.10.2021ж. №726 Қаулысы</li> <li>9. «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» (ҚР БҒМ 23.06.2022 ж. №292 бұйрығы)</li> <li>10. «М.Дулатұлы атындағы ЖББ мектеп» КММ-нің жарғысы.</li> </ol>
<b>Бағдарламаны әзірлеуші</b>	Жұмыс тобы
<b>Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мектептің одан әрі дамуының басымдықтарын анықтау;</li> <li>2. Мектептің білім беру жүйесін жаңғыртуда мақсатты сипатты қамтамасыз ету бойынша білім беру кеңістігі субъектілерінің қызметін үйлестіру, күш-жігер мен ресурстарды шоғырландыру үздік әлемдік практикаға сәйкес келетін білім беруді дамыту;</li> <li>3. Білім беру саласының әлеуметтік-мәдени мәселелерін шешу және экономикалық өсуге білім берудің тиісті үлесін қамтамасыз ету;</li> <li>4. Мектепте білім беруді дамытудың жергілікті бағдарламаларын әзірлеу үшін негіз құру.</li> <li>5. Оқу- тәрбие үрдісінің Қазақстандық патриотизмге, халықтық салт-дәстүр мен тарихын құрметтейтін биік мәдениетке тәрбиелеуді мұрат еткен жаңа әдістер мен материалдарды біріктіру, жетілдіру, дамыту;             <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту.</li> </ul> </li> </ol>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету.</li> <li>➤ Үздік практикалар негізінде білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымдарының сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу.</li> <li>➤ Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету.</li> <li>➤ Білім беру ұйымдарын цифрлық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жарақтандыру</li> </ul>
<p><b>Бағдарламаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері</b></p>	<p><b>2024-2025 оқу жылдары - I кезең</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Оқу жоспарының, бағдарламаның орындалуын ұйымдастыру.</li> <li>-Мектеп мұғалімдерінің үздіксіз әдістемелік және психологиялық оқыту жүйесін құру;</li> <li>-Оқушыны психологиялық, педагогикалық тұрғыда диагностика арқылы зерделеу;</li> <li>-Талдау жасау, ақпарат банкін құру.</li> </ul> <p><b>2025-2028 оқу жылдары- II кезең</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Мұғалімдердің ғылыми-әдістемелік деңгейін, кәсіби біліктілігін, шеберлігін дамыту;</li> <li>-Педагогикалық және инновациялық технологияларды меңгеру және енгізу;</li> <li>- Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізу;</li> </ul> <p><b>2028-2029 оқу жылдары- III кезең</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Шығармашылықпен жұмыс істеген мұғалімдердің авторлық бағдарламаларын шығару, іс-тәжірибелерін тарату;</li> <li>-Бағдарламаны жүзеге асыру барысындағы нәтижелерді жинақтау, сараптама,талдау жасау, нақты ұсыныстар енгізу.</li> <li>- Нәтижелерді рәсімдеу, қорытындылау.</li> <li>-Озат тәжірибе жетістіктерін енгізу.</li> <li>-Бағдарламаның жүзеге асырылуына қорытынды жасау.</li> </ul>
<p><b>Қаржыландыру көздері</b></p>	<p>Мектеп дамытуға жыл сайынғы қаржы бөлуге сұраныс және ҚР заңдарында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері</p>

## **II. Бөлім. «М.Дулатұлы атындағы ЖББ мектебі» КММ-нің білім беру жүйесінің ағымдағы ахуалына талдау**

### **Мектеп қазіргі жай-күйін, негізгі проблемаларын және олардың себептерін талдау, инновациялық әлеуетін бағалау.**

Мектеп мекен- жайы: Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Мұзбел ауылы, Ғарышкерлер 17. Байланыс телефоны: (8721) 44-52-2-71. Электрондық мекен-жайы: 1954rom@list.ru Оқыту тілі: қазақ-орыс. Қолданысқа берілген уақыты: 1959 жыл. Жобалық қуаттылығы-320 орын. Оқу кабинеттер саны: 15 кабинет, оның ішінде бастауыш сыныпқа арналғаны-15 кабинет, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен – 1 кабинет, орыс тілі мен әдебиеті пәнінен- 1 кабинет, физика пәнінен- 1 кабинет, химия пәнінен- 1 кабинет, биология пәнінен- 1 кабинет, тарих пәнінен- 1 кабинет, информатика пәнінен- 1 кабинет, АӘТД пәнінен- 1 кабинет, көркем еңбек пәнінен- 1 кабинет, спорт зал-1, физика пәнінен- 1 зертхана, медициналық - 1 кабинет, мәжіліс залы-150 орындық, М.Дулатұлы атындағы ЖББ мектебінде – білім алушылардың бейімділігі мен қабілетіне сәйкес бағыттар бойынша бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін білім мекемесі. Мектеп-үздіксіз білім беруді қамтамасыз етудегі негізгі буын болып табылады және мектеп жасындағы балалардың мемлекеттік стандарт негізінде оқыту арқылы оқушы қабілетін жанжақты дамытуға мүмкіндік береді. Мектеп өз жұмысын жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының Конституциясына, ҚР «Білім туралы» Заңына, ҚР құқықтық- нормативтік актілеріне, жергілікті басқару органдарының құқықтық аткілеріне, мектеп, Құрылтайшы арасындағы келісім-шартқа, мектеп жарғысына сүйенеді. Мектеп педагогтерінің жалпы санынан педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы педагог қызметкерлердің үлесі – 13 мұғалім 40,6 %-ды құрап отыр. Мектеп педагогикалық ұжымында 20 жылдан астам еңбек өтілі бар мұғалімдердің үлесі – 13 мұғалім 40,6 %-ды құрайды. Алдағы жылдары мектеп ұжымының негізін құрайтын негізгі пәндердің (бастауыш сынып орыс бөлімі, орыс тілі, математика, физика, көркем еңбек ұлдар) білікті мұғалімдердің зейнет жасына кетуіне байланысты жас буын мамандардың сапалық үлесін арттыру қажеттігі туындап отыр. «Қарағанды облысы әкімдігінің білім басқармасы Қарағанды қаласының білім бөлімінің М.Дулатұлы атындағы ЖББ мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беру жүйесінің қазіргі жай-күйін SWOT талдау, мектептің сыртқы және ішкі даму перспективаларын бағалау.



<b>SWOT талдау</b>	
<p style="text-align: center;"><b>Күшті жақтары:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-бастамашыл педагогикалық ұжымның болуы;</li> <li>- оқу-тәрбие процесінің өзекті мәселелері бойынша мұғалімдер топтары;</li> <li>- мектептің өзін-өзі басқару және ата-аналар қоғамдастығымен өзара әрекеттесу жүйесін дамыту;</li> <li>- толық қаржыландыру;</li> <li>-мектепке дейінгі тәрбиемен қамту;</li> </ul>	<p style="text-align: center;"><b>Әлсіз жақтары:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Білім беру процесінің жаңа сапалық деңгейіне жету үшін оқу үдерісіне қатысушылардың уәждемесінің жеткіліксіз деңгейі;</li> <li>- мемлекеттік жалпы білім беру процестерін іске асыру үшін оқу процесінің жаңа сапалы деңгейін қамтамасыз ету үшін материалдық-техникалық базаның шектелгені.</li> </ul>
<p style="text-align: center;"><b>Мүмкіндіктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Әлеуметтік желілерді белсенді пайдалану арқылы мектеп имиджін дамыту;</li> </ul>	<p style="text-align: center;"><b>Қауіп - қатер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Кейбір педагог кадрлардың тапшылығы</li> <li>-Білім сапасының төмендеуі</li> <li>- Мектеп мұғалімдерінің ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарға тартылуы төмен деңгейде.</li> </ul>

### Кадрлар құрамға талдау

Оқу жылдары	Жалпы педагогтар саны	Оның ішінде		Санаты бойынша							
		Жоғары	Орта	шебер	зергеуші	жоғары	сарапшы	бірінші	модератор	екінші	Санаты жоқ
2020-2021	<b>36</b>	<b>29</b>	<b>7</b>	<b>0</b>	<b>10</b>	<b>3</b>	<b>5</b>	<b>5</b>	<b>9</b>	<b>2</b>	<b>2</b>
2021-2022	<b>37</b>	<b>32</b>	<b>5</b>	<b>0</b>	<b>8</b>	<b>3</b>	<b>9</b>	<b>0</b>	<b>9</b>	<b>0</b>	<b>3</b>
2022-2023	<b>32</b>	<b>29</b>	<b>3</b>	<b>0</b>	<b>7</b>	<b>1</b>	<b>8</b>	<b>1</b>	<b>11</b>	<b>0</b>	<b>4</b>

2023-2024 оқу жылы бойынша мектепте барлығы - 32 мұғалім, оның ішінде жоғары білімі бар -28 (87.5 %), орта білімі бар -4 (12.5%) мұғалім.

Педагог кадрларды курстық даярлау Білім беру саласындағы негізгі стратегияларының бірі ретінде қолда бар кәсіби білімді тереңдету және жетілдіру, кәсіби қызметтің сапасын арттыру мақсатында педагогтардың біліктілігін ұдайы арттыру айқындалады. Біліктілікті арттыру-педагогтің кәсіби-жеке дамуын қамтамасыз ететін және оның кәсіби қасиеттері мен қабілеттерін жақсартатын негізгі фактор. Қазіргі таңда педагог үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруы тиіс. Соңғы үш жылды салыстырып қарайтын болсақ көрсеткіш төмендегідей.

Курс атауы	Курстан өткен педагогтар саны		
	2020-2021	2021-2022	2022-2023
Барлық педагогтар саны			
Пәндік құзыреттілік	<b>4</b>	<b>8</b>	<b>9</b>
Білім саласындағы менеджмент	<b>0</b>	<b>1</b>	<b>1</b>
Курстан өткен педагогтар саны	<b>4</b>	<b>9</b>	<b>10</b>

Жыл сайын перспективті жоспарға сай пән мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында педагогтер біліктілікті арттыру курстарынан өтуде. Алдағы жылдарда да перспективалық жоспарға сай пән мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курстарынан өтуін ұйымдастыру жұмысы жалғаса береді. Мектеп бойынша министрлікпен бекітілген конкурстар мен жарыстардың соңғы үш жылдағы облыстық, аудандық кезеңдерінің жеңімпаздарын және республикалық, конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтердың соңғы 3 жылдық көрсеткіші.

Оқу жылы	Халқаралық	Облыстық	Аудандық	Жалпы
<b>2020-2021</b>	<b>4</b>	<b>2</b>	<b>20</b>	<b>22</b>
<b>2021-2022</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>15</b>	<b>15</b>
<b>2022-2023</b>	<b>7</b>	<b>1</b>	<b>25</b>	<b>26</b>

Көрсетілген кестеге талдау жасайтын болсақ, салыстырмалы үш жылдың ішінде шығармашылық байқауларға қатысып, жүлделі орынға ие болған білім алушылардың санын артқанын көруге болады. Дегенмен, облыстық, республикалық, халықаралық пән олимпиадалары мен ғылыми жобаларға оқушыларды қатысу көрсеткішін көтеру жоспарлануда. Мектеп негізгі міндеттерінің қатарына білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдылығын жүзеге асыру – білімнің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету, оқу үдерісінің субъектілерінің білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында мектеп контингенті жинақталды. Мектеп білім алушыларын 10 есепке алуды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды сақтау, шағын аудан білім алушыларын оқыту мен қамту мәселелері – мектеп әкімшілігінің тұрақты бақылауында. Білім алушылар контингенті бойынша электрондық деректер базасы жүргізіледі, қабылдау және олардың қозғалысына бұйрықтарды уақтылы шығару, барлық қажетті деректерді

алфавиттік кітапқа енгізу, алфавиттік кітаптың, бұйрықтар мен журналдардың сәйкестігі қамтамасыз етіледі. Барлық білім алушылардың жеке іс-қағаздары мен медициналық карталары жүргізіледі.

### Білім алушылар контингентінің құрылымы

р/с	Контингент құрылымы	Бастауыш мектеп			Негізгі мектеп			Орта мектеп			Мектеп бойынша барлығы		
		2020-2021	2021-2022	2022-2023	2020-2021	2021-2022	2022-2023	2020-2021	2021-2022	2022-2023	2020-2021	2021-2022	2022-2023
1	Білім алушылар саны	50	53	48	59	61	58	17	15	9	126	129	115
2	Жалпы сыныптар саны/білім алушылар саны	8/50	8/53	8/42	10/59	10/58	10/68	4/7	3/9	2/9	22/126	21/129	20/115
3	-жалпы білім беретін	0	0	0	0	0	0	0	0		0	0	0
4	-жоғары деңгейдегі	0	0	0	0	0	0	0	0		0	0	0
5	ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар саны	0	0	0	0	0	0	0	0		0	0	0

Оқу кезеңдері	2020-2021 оқу жылы		2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы	
	Білім сапасы	Үлгері сапасы	Білім сапасы	Үлгері сапасы	Білім сапасы	Үлгері сапасы
1сын	<b>100</b>	<b>100</b>	<b>100</b>	<b>100</b>	<b>100</b>	<b>100</b>
2сын	<b>85</b>	<b>100</b>	<b>73</b>	<b>100</b>	<b>78</b>	<b>100</b>
3сын	<b>75</b>	<b>100</b>	<b>69</b>	<b>100</b>	<b>80</b>	<b>100</b>
4сын	<b>92</b>	<b>100</b>	<b>75</b>	<b>100</b>	<b>71</b>	<b>100</b>
2-4сынып	<b>84</b>	<b>100</b>	<b>72</b>	<b>100</b>	<b>75</b>	<b>100</b>
5сын	<b>54.5</b>	<b>100</b>	<b>82</b>	<b>100</b>	<b>83</b>	<b>100</b>
6сын	<b>47</b>	<b>100</b>	<b>75</b>	<b>100</b>	<b>90</b>	<b>100</b>
7сын	<b>60</b>	<b>100</b>	<b>47</b>	<b>100</b>	<b>75</b>	<b>100</b>
8сын	<b>23</b>	<b>100</b>	<b>60</b>	<b>100</b>	<b>47</b>	<b>100</b>
9сын	<b>70</b>	<b>100</b>	<b>23</b>	<b>100</b>	<b>56</b>	<b>100</b>

5-9сыныптар	<b>49</b>	<b>100</b>	<b>56</b>	<b>100</b>	<b>69</b>	<b>100</b>
10сын	<b>100</b>	<b>100</b>	<b>71</b>	<b>100</b>	<b>33</b>	<b>100</b>
11сыны	<b>100</b>	<b>100</b>	<b>100</b>	<b>100</b>	<b>100</b>	<b>100</b>
10-11сыныптар	<b>100</b>	<b>100</b>	<b>87</b>	<b>100</b>	<b>78</b>	<b>100</b>
1-11сыныптар	<b>70</b>	<b>100</b>	<b>66</b>	<b>100</b>	<b>68</b>	<b>100</b>

Берілген кестеге сәйкес талдау жасайтын болсақ, мектеп оқушыларының білім сапасының тұрақты өсуі байқалады. 2020 – 2023 жылдар аралығындағы сапа мен үлгерімнің орташа көрсеткіштерін талдай отырып, келесі қорытынды жасауға болады: мектеп бойынша 2020-2021 оқу жылы үлгерім көрсеткіштері - 100%, білім сапасы – 70 %, 2021-2022 оқу жылы үлгерім көрсеткіштері - 100%, білім сапасының көрсеткішінде өсу динамикасы байқалады – 66 %, 2022-2023 оқу жылының үлгерім көрсеткіштері - 100%, білім сапасы – 68 % құрайды.


Барлық салада түбегейлі өзгерістер, ғылым мен мәдениеттегі прогресс, педагогикалық қызмет шеңберіндегі жаңа қажеттіліктер білім беру жүйесін модернизациялауға алып келді. Бұл саланың одан әрі дамуының мүмкін жолдарының бірі- инновация болып табылады, яғни жаңалықты құру, қабылдау, бағалау, меңгеру, қолданудағы басқару үдерістері. Бұл білім беру ұйымдарының білім мазмұнына, оқыту мен тәрбиелеу әдістері мен формаларына, ұйымдастыру және басқару жұмыстарына байланысты. Инновация – бұл «қандай да бір жаңа форманың немесе элементтің пайда болуы, сондай-ақ жаңадан құрылған форма, элемент». Ал, мектепте инновациялық бағыттылықты қазіргі заманғы білім беру, қоғамдық және мәдени даму жағдайында педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттылығының қажеттілігі бірқатар жағдайлармен айқындалатынын төмендегідей белгілеген: Біріншіден, оқу-тәрбие үдерістерін ұйымдастыру технологиясын түбірімен жаңартуды талап етуде. Педагогикалық жаңалықты жасау, игеру және пайдалануға негізделген мұғалім мен тәрбиеші қызметінің инновациялық бағыттылығы білім беру саясатын жаңартудың құралына айналдыру. Екіншіден, білім беру мазмұнын ізгілендірудің күшеюі, пәндерінің көлемі мен құрамының үнемі өзгеріске ұшырауы, жаңа оқу пәндерінің енгізілуі жаңа ұжымдық формалар мен оқыту технологиясын үздіксіз іздестіруді талап етуде. Осы жағдайда мұғалімдер арасында педагогикалық білімнің рөлі мен беделі арта түсіп отыр. Үшіншіден, мұғалімнің педагогикалық жаңалықты игеру және қолдануға деген қатынас сипатының өзгеруі. Егер бұрынғы уақытта инновациялық қызмет негізінен жоғарыда ұсынылған жаңалықтарды тәжірибеде қолданумен шектелсе, қазіргі уақытта ол барынша баламалы, зерттеушілік сипат ала бастады. Сондықтан да мектеп, білім беру ұйымдары басшыларының қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі мұғалімдердің енгізген инновациясына талдау жасап, баға беру, оны іске асыруға, қолдануға қолайлы жағдай жасалуы

тиіс деген пікір айтады. Төртіншіден, жалпы білім беретін оқу орындарының нарықтық қатынастарға енуі жаңа типті сынып ішінде мемлекеттік емес оқу орындарының құрылуы нақты бәсекелестік ахуал туғызуда деп қортындылайды. Инновациялық қызмет шығармашылық іс-әрекеттің ерекше түрі ретінде білім беру жүйесін жаңартуға бағытталған. Осы орайда мектеп инновациялық қызметті жетілдіру, білім сапасын арттыру, білім беру процесінің мазмұнына қанағаттану дәрежесін зерделеу мақсатында мектеп педагогтарынан сауалнама алынды. Сауалнама қорытындысына сәйкес мектепте инновациялық процесті қамтамасыз ету шаралар кешені ретінде бірқатар инновациялық бағдарламалар ендіру керектігі айқындалды.

### **Педагогтердің білім беру ұйымын дамытудың перспективалары мен бағыттары туралы пікірлерін зерделеу**

Білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында мектеп мұғалімдерінен сауалнама алынды. Сауалнамаға барлығы 32 мұғалім қамтылды. Мұғалімдер арасында сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанатын мұғалімдердің саны 32 мұғалім 96, 9 % құрайды. Сондай-ақ қанағаттанбайтын 1 мұғалім анықталды, ол 3,1 % құрайды.


№	Сауалнама сұрақтары	Толық келісемін	келісемін	Келіспеймін	Толық келіспеймін
1	Мен осы мектепте жұмыс істегенімді мақтан тұтамын	<b>90%</b>	<b>8%</b>	<b>0%</b>	<b>2%</b>
2	Мен тиімді әдістемелік көмек аламын	<b>75%</b>	<b>25%</b>	<b>0%</b>	<b>0%</b>
3	Мен еңбек жағдайына қанағаттанамын	<b>82%</b>	<b>17%</b>	<b>1%</b>	<b>0%</b>
4	Мен мектеп әкімшілігінің жұмыс стиліне қанағаттанамын	<b>78%</b>	<b>21%</b>	<b>1%</b>	<b>0%</b>
5	Мен мектептің оқу-материалдық базасына қанағаттанамын	<b>63%</b>	<b>36%</b>	<b>1%</b>	<b>0%</b>
6	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар	<b>81%</b>	<b>18%</b>	<b>1%</b>	<b>0%</b>
7	Мектепте менің кәсіби және шығармашылық өсуім үшін жағдай жасалған	<b>78%</b>	<b>21%</b>	<b>1%</b>	<b>0%</b>
8	Мектепте педагогтарды көтермелеу әдістері белгіленген	<b>67%</b>	<b>32%</b>	<b>1%</b>	<b>0%</b>
9	Мен жұмыс істейтін балалар білімге ұмтылады	<b>60%</b>	<b>39%</b>	<b>1%</b>	<b>%</b>



**Білім беру процесінің қазіргі дәрежесін зерделеу үшін білім алушылардың ата-аналарынан сауалнама алу.**

Білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында ата-аналардан сауалнама алынды. Сауалнамаға барлығы 40 ата-ана қамтылды. Ата-аналар арасында сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанатын ата-аналар саны -37 ол 92,5% құрайды. Сондай-ақ қанағаттанбайтын 3 ата-ана анықталды, ол 7,5 % -ды құрайды

№	Сауалнама сұрақтары	Толық келісемін	келісемін	Келіспеймін	Толық келіспеймін
11	Менің балам мектепке қуана барады.	70%	30%	0%	0%
12	Сыныпта қолайлы атмосфера бар.	70%	29%	1%	0%
13	Мектеп сапалы білім береді.	65%	20%	3%	2%
14	Мен мектептегі сабақтан тыс жұмыс бағдарламасына ризамын	70%	25%	3%	2%
15	Мен баламның сынып жетекшісінің жұмысына қанағаттанамын	70%	26%	2%	2%
16	Мектепте біздің баламыз үшін пайдалы және қызықты іс-шаралар өткізіледі	55%	40%	3%	2%
17	Педагогтар педагогикалық этика нормаларын сақтайды	80%	15%	3%	2%
18	Менің балам мектепте қауіпсіздікте	75%	20%	3%	2%
20	Мектепте олар біздің баламыздың денсаулығына қамқорлық жасайды	80%	18%	2%	0%



**Мектептын алдағы күтілетін салдарын болжау, өзгерістер тәсілдері мен нысандарын ұсыну.**

**Бағдарламаны жүзеге асыруда күтілетін нәтиже**

- педагогтардың біліктілігін жетілдіруі мен үздіксіз дамуы қамтамасыз етіледі; мектепты даму бағдарламасын жоспарлауға және жүзеге асыруға педагогтар белсенді қатысады;
- мемлекеттік білім беру стандарты талаптары мен оқу бағдарламалары орындалады;
- озық педагогикалық тәжірибе таратылып, мұғалімдердің кәсіби шеберлігі шыңдалады;
- оқушылардың интеллектуалдық потенциалы ескеріліп сапалы тиімді білім моделін енгізуге жол ашылады;
- оқыту үрдісін дамытуда электрондық және цифрлық технологиялар қолданылады;
- цифрлық технологияларды меңгерген педагогикалық кадрларды тиімді пайдалану арқылы оқыту сапасы артады; оқушылардың сапалы білім алуы қамтамасыз етіледі.

### III. Бағдарламаның миссиясы және пайымы

**Мектептің миссиясы** – Рухани құндылықтарға негізделген терең білімді меңгерту арқылы өмірлік ұстанымы мен отансүйгіштік қасиеті қалыптасқан жеке тұлғаны тәрбиелеу.

**Мақсаты** – Мектептің білім сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру арқылы білім алушылардың жазылым, айтылым дағдыларының жақсаруына ықпал ету, мектептегі әрбір тұлғаның мәдениетін арттыруға және жағдаяттық өзгерістерге дайын болу қабілеттерін жетілдіруге бағытталған оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру. Оқыту мен оқу үдерісінде мұғалімдердің кәсіби шеберлігі арқылы пәнді терең меңгерту, жобалық жұмыстарды жүргізу арқылы оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүйелі жүргізу, мұғалімдердің құзыреттілік деңгейін арттыру мақсатында жыл бойы атқарылған жұмыстардың нәтижесін мониторингілеу.

#### **Міндеттер:**

1. Мектеп жүйесінің дамытып тәрбиелеу тақырыбы бойынша, «Оқушының тұлғалық мақсаттарының қалыптасуы арқылы адамгершілікті – шығармашылықты - әлеуметтендіруді дамыту»
2. Оқу және еңбек қарым – қатынасында адал ниетті қалыптастыру. Оқушылардың тұлғааралық қатынастарындағы төзімділікті қалыптастыру, өздігінен білім алу және жан – жақты шығармашылық қабілетілігін дамыту. Жеке тұлғалықты, зияткерлікті, адамгершілікті, және руханилықты оқушыларда дамытуға жағдай жасау.
3. Азаматтық – отандық сезімдерді қалыптастыру, өз елінің тарихын және мәдениетін құрметтеу, қазақ тілін, тарихын, қазақ халқының мәдениетін оқыту мысалында шыдамшылық мінез – құлқын тәрбиелеу. Жалпы адамгершілік ережесін, мәдениетін, рухани байлықтың сұранысын қалыптастыру, әр оқушының шығармашылық құдіретін дамыту және әртүрлі сала қызметтерде жүзеге асырылуы.
4. Оқушылық өзін – өзі басқарудың тиімділік нысанасын дамыту. Оқушылардың әлеуметтік белсенділігінің жоғарлауы, олардың өз беттілігін және жауапкершілікгін балалар өмірінің жұптық және социумдарын ұйымдастыру. Қоғамдық және адамгершілік қарым –қатынастар, маңызды өмірлік мәселелері бойынша қоғамдық пікірді қалыптастыру.
5. Дені сау өмірлік бейнесін тәрбиелеу жұмысын жетілдіру. Дені сау өмірлік сұранысын қалыптастыру.



6. Әлеуметтік – психологиялық көмекті оқушыларға жеделдету.
7. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзышулық шараларының алдын алу.

### **Ұйымның орны және рөлі**

Мектеп Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Мұзбел ауылы, Ғарышкерлер 17 үйде орналасқан мемлекеттік мүлікке ие және орта білім саласында функцияларын жүзеге асыру үшін мекеме ұйымдық құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес коммуналдық мемлекеттік мекеме. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы -Қарағанды облысының әкімдігі. «Қарағанды облысы әкімдігінің білім басқармасының Нұра ауданы білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекемеге тиісті саланың уәкілетті органы болып табылады. Мемлекеттік мекеменің атауы: «Қарағанды облысы әкімдігінің білім басқармасының Нұра ауданы білім бөлімінің М.Дулатұлы ЖББ мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Мектептің материалдық-техникалық базасына 1 оқу корпусы кіреді. Екі қабатты ғимарат. 1959 жылы пайдалануға берілген – типтік. Қабат саны - 2 Салынған алаңы - 5774,4 Құрылыс көлемі – 891,4 Жалпы алаңы –1382,8 Қабырғаларының материалы –ж/б/ж/кир Салынған жылы 1959 ж.ж. Жобалық сыйымдылығы -320, қазіргі таңда мектепте 133 бала білім алуда. Мектеп екі ауысыммен жұмыс жасайды. Мектепте 32 мұғалім, оның ішінде декреттік демалыста- 0 мұғалім және 27 техникалық қызметкерлер жұмыс істейді.

#### **Болашақта мектепте тиімді жұмысты қамтамасыз ету мақсатында дамытудың стратегияларын таңдау және кезеңдерін болжау.**

Жоспар қолда бар жағдайларды талдау және оларды өзгерту перспективалары туралы болжамды ескере отырып, ресурстық қамтамасыз ету негізінде жасалды. Бағдарламаның стратегиялық даму жоспарын талқылаудың және қабылдаудың негізгі кезеңдері мен нысандары. Мектептің стратегиялық даму жоспары екі кезеңде іске асырылатын болады: 2024–2027 жылдар мен 2027– 2029 жылдар. Стратегиялық даму жоспарын іске асырудың кезеңдері: Бірінші кезеңінде (2024–2027 жылдар) жекелеген бағыттар бойынша білім беруді дамытудың модельдерін әзірлеу мен оларды сынақтан өткізу мен байланысты жұмыстарды жүргізу көзделген. Екінші кезеңде (2027–2029 жылдар) басымдық өткен кезеңдерде алынған нәтижелерді енгізуге және таратуға бағытталған іс-шараларды іске асыру қарастырылған.

<p><b>Стратегиялық бағыттар және негізгі басымдықта</b></p>	<p>Педагог қызметкерлердің біліктілігін және кәсіби құзыреттіліктерін үздіксіз арттыру;  Кәсіби қауымдастық құру (коучингтер, семинарлар, дөңгелек үстелдер, ашық сабақтар) арқылы сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету;  «Lesson Study» тәжірибесін дамытудағы ынтымақтастық және іс-әрекеттерді зерттеу арқылы білім сапасын көтеру;  Тәлімгерлік жұмысты ұйымдастырудың оңтайлы жолдарын қарастыра отырып, жас мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыру;  Республикалық, облыстық, аудандық әртүрлі олимпиадаларға дайындаудың нәтижеге бағытталған тиімді жолдарын қолдану және нәтижеге жету;  Ғылыми жобалар мен олимпиадаларға қатысатын оқушылар санын көбейту;  Сыртқы бағалау, халықаралық зерттеулер және ҰБТ көрсеткішін жоғарылату; Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылық деңгейінің көтеру; Кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша түсіндіру, ақпараттандыру жұмыстары арқылы сұранысқа ие мамандықтарды игеру бойынша жұмысты жандандыру; Біртұтас тәрбие бағдарламасы жоспарын құру, полимәдениетті тұлғаны қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды күшейту;  «Ата- ана- оқушы- мұғалім» үштік жүйесін «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» жұмысы арқылы нығайту;  Мектеп педагог-психологінің жұмысы арқылы негізгі проблемаларды анықтау,оның туындау себептері мен шешу жолдарын қарастыру және қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру;  Құқықтық білім беру ісін жандандыра отырып, құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын үздіксіз жүргізу;  Салауатты өмір салтын, денсаулық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және оқушылардың денсаулығын нығайту;  Білім алушыларға әлеуметтік – педагогикалық диагностикалық жұмыстар жасау арқылы жан- жақты қолдау көрсету;  Оқу үдерісіндегі кітапхана рөлін күшейту;  Мектеп материалдық- техникалық базасын нығайту.</p>
---	---

**IV. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер**  
**Нысаналы индикаторлардың көрсеткіштері мен күтілетін нәтижелері**

№ п/п	Нысаналы индикаторлар	Өлше м бірлігі	Жоспарлы кезеңде				
			2024- 2025 оқуы жыл ы	2025- 2026 оқуы жылы	2026- 2027 оқуы жыл ы	2027- 2028 оқуы жылы	2028- 2029 оқуы жылы
<b>1 міндет. Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру</b>							
1	«Педагог зерттеуші», «педагог-шебер» санаттары бар педагогтердің үлесі	%	21% (7адам)	28% (9адам)	34% (11ада м)	40% (13адам)	47% (15адам)
2	Ғылыми-зерттеу жобаларын әзірлеген (қатысатын) мектеп білім алушыларының үлесі	%	15%	20%	25%	30%	35%
3	Педагогтердің қазіргі заманғы білім беру технологияларын меңгеруі- оқытудың инновациялық технологиялары енгізілген пәндердің үлесі	%	60%	70%	80%	90%	100%
4	Жобалық технологияларды қолдану арқылы оқу	%		60%	70%	80%	

	сабақтарының үлесін арттыру		50%				90%
5	Оқушылардың жетістіктері мен ата-аналардың пікірлерін ескере отырып, мұғалімдердің қызметін көтермелеудің сараланған жүйесін енгізу		үнемі	үнемі	үнемі	үнемі	үнемі
6	Жас мұғалімдердің резервін алдын ала қалыптастыру мақсатында педагогикалық мамандыққа кәсіптік бағдар беру жүйесін әзірлеу және енгізу		үнемі	үнемі	үнемі	үнемі	үнемі
7	«Мектеп мұғалімдерінің еңбегін ынталандыру және көтермелеу шаралары туралы» жергілікті нормативтік-құқықтық құжатты әзірлеу және іске асыру		үнемі	үнемі	үнемі	үнемі	үнемі
8	Мұғалімнің еңбегін рейтингтік бағалау жүйесін енгізу		үнемі	үнемі	үнемі	үнемі	үнемі
9	Халықаралық, облыстық бағдарламаларға қатысатын ғылыми және шығармашылық қызметке (зерттеу, эксперименталды) қосылған мұғалімдердің санын арттыру	%	5%	7%	10%	15%	20%
10	Жыл сайын республикалық педагогикалық конкурстардың дипломанттары, жүлдегерлері, номинанттары иегерлерін 1 адамға ұлғайту		1	2	3	4	5
<b>2 міндет. Мектептің материалдық -техникалық базасын нығайту</b>							
1	Тиісті техникалық жағдайды қамтамасыз ету және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жабдықтау.	%	30%	40%	50%	60%	70%
2	Мектеп жанындағы балабақша мен шағын орталықты материалдық техникалық базамен жабдықтау	%	10%	20%	30%	40%	50%
